

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкісінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 тамыз N 1208. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.01.07. N 10 қаулысымен. ~P990010

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі және Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1144 P951144\_ қаулысы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Былай деп белгіленсін:

а) Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Үкіметтің құрылымдық саясатын инвестициялық және тауар кредиттерін беру жолымен іске асыратын мамандандырылған қаржы-кредит мекемесі; заемшы, оның ішінде Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін шетел кредиттерінің заемшысы және оларға қызмет көрсететін агент;

<\*>

<\*>

Ескерту. 1-тармақтың "б", "в" тармақшаларының күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1996.03.02. N 272 қаулысымен. P960272\_

2. <\*>

Ескерту. 2-тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.03.02. N 272 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкі 1995 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісін дамыту стратегиясын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің қоса беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісі Басқармасының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Қосылатын Қазақстанның Мемлекеттік даму банкінің (Даму Банкінің) жарғылық қоры Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің жарғылық қорына кіргізілсін.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне:  
Басқарма төрағасының үш орынбасарын ұстауға; <\*> <\*>  
<\*>

Ескерту. 7-тармақтың 3-ші абзацы күшін жойған -ҚР Үкіметінің  
1996.03.02. N 272 қаулысымен. P960272\_

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 2-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің  
1996.08.02. N 961 қаулысымен. P960961\_

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 2-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің  
1997.03.27. N 429 қаулысымен. P970429\_

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі  
Басқармасы төрағасының лауазымы медициналық және тұрмыстық қызмет  
көрсету шарттары бойынша министрдің лауазымына, ал Басқарма төрағасы  
орынбасарларының лауазымы министрдің орынбасарларының лауазымына  
теңестірілсін:

9. Мыналардың күші жойылған деп табылсын:

"Орталықтандырылған ішкі қаражат көздері есебінен қаржыландырылатын  
1995 жылға арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламасы  
туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1995 жылғы 19  
сәуірдегі N 508 қаулысының 1-тармағының екінші абзацы және 2-тармағы;

"Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі басқармасының құрамын бекіту  
туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2  
маусымдағы N 768 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 31 тамыздағы  
N 1208 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының

мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің

## ЖАРҒЫСЫ

### I. Жалпы ережелер

Бұл Жарғы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің "Қазақстан Эксимбанкінің" (бұдан әрі "Банк" деп аталады) қызметінің құқықтық жағдайын, құрылымын, функцияларын және принциптерін белгілейді.

1. Банк "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіні құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1815 Жарлығының негізінде құрылған екінші деңгейдегі мемлекеттік банк болып табылады және Қазақстан Республикасының біртұтас банк жүйесіне кіреді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі оның жарғы қорының иесі болып табылады. Банктің құрылуы туралы хабарлама баспасөзде жарияланады. <\*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1996.02.22.

N 232 қаулысымен. P960232\_

2. Банк Үкіметтің құрылымдық саясатын жүргізуге, ішкі және сыртқы, соның ішінде Үкіметтің кепілдігімен тартылатын қаржы ресурстарын жұмылдыру негізінде кредиттік мекемелер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге инвестициялық, тауарлық кредиттер беру және басқа да қаржылық қызмет көрсету арқылы экономика мен әлеуметтік прогресті дамытуға жәрдем беру мақсатымен құрылды.

3. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын, басқа да қолданылып жүрген заңдарды, халықаралық нормаларды, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

4. Банк заңды тұлға болып табылады, толық шаруашылық есеп айырысу принциптері негізінде іс-қимыл жасайды, оның дербес балансы болады, Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банкілік операцияларды жүзеге асырады.

5. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлікпен жауап береді.

Мемлекет оның Жарғы қорына салынған қаржы шегінде Банктің

міндеттемелері бойынша жауап береді. Үкімет жеке шешіммен өзіне қабылдап, Банкке оның міндеттемелері бойынша қосымша жауапкершілікті жүктей алады.

<\*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 232 қаулысымен.

6. Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гербі бейнеленген дөңгелек мөрі, мөртаңбалары, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы жазылған бланкілері, эмблемасы болады.

Банктің атауы:

қазақ тілінде -

толық атауы: "Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкі";

қысқартылған атауы: "Қазақстан Эксимбанкі";

орыс тілінде -

толық атауы: "Экспортно-импортный банк Республики Казахстан";

қысқартылған атауы: "Эксимбанк Казахстан";

ағылшын тілінде: "The Export-import of the Republic of Kazakhstan";

қысқартылған атауы: "Eximbank Kazakstan".

7. Банктің орталық аппаратының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480021, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 118-үй.

## II. Негізгі функциялар және оларды жүзеге асырудың шарттары

8. Банк төмендегідей функциялар атқарады:

елдің экономикасын қайта құру мен дамытудың қаржыландыру үшін инвестициялық және тауарлық кредиттер береді;

Қазақстан кәсіпорындарының экспорттық операцияларына кредит береді; құрылымдық өзгерістер жүргізу және импорт алмастырушы өндірістерді дамыту үшін қажетті технологияларды, жабдықтар мен өнімдерді импорттау мақсатымен Қазақстанның кәсіпорындарын қаржыландыру мен кредиттеу ісін жүзеге асырады;

кредит беруші басқа мекемелерден алынатын кредиттер бойынша кепілдік міндеттемелер береді;

акционерлік капиталдарға инвестицияларды жүзеге асырады;

өтем мерзімі 1 жылдан кем емес бағалы қағаздарға жазылады;

бұрын басқа банктер берген кредиттерді өтеу үшін заемдар береді, осындай кредиттер алу үшін шығарылған бағалы қағаздарға жазылады;

басқа банктер мен қаржы мекемелерінің борыштық міндеттемелерін, кепілдіктері мен талаптарын сатып алады және сатады;

Қазақстандағы банктер беретін экспорттық кредиттердің, тәуекелін сақтандыруды жүзеге асырады;

жобаларға, соның ішінде шетелдік компаниялар тартылатын сараптау ұйымдастырады және жүргізеді, оларды өз қаражаты мен тартылатын кредит ресурстары есебінен қаржыландыру үшін іріктеп алады;

өзінің ерекшеліктеріне үйлесімді және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымдық саясатын ескеріп, жобаларды іріктеу және оларды қаржыландыру туралы шешімдерді дербес қабылдайды. <\*>

Кредит беру, бағалы қағаздарға жазылу, талаптар сатып алу, кепілдік міндеттемелер беру және экспорттық кредиттерді сақтандыру ісін Банк Қазақстан Ұлттық Банкінің пруденциялық нормативтерін ескере отырып, дербес жүзеге асырады.

Үкіметтің кепілдігімен тартылатын шетелдік кредиттер бойынша Банк заем алушы ретінде іс-қимыл жасап, бұл орайда кредит желісіне агенттік қызмет көрсетуді жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайда Банк пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арасында агенттік келісім жасалып, онда кредитті өтей үшін тараптар жауаптылығының шектері белгіленеді.

Жобаларға республикалық бюджеттен нысаналы мақсатта қайтарым негізінде кредиттер берілген жағдайда Банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен тараптардың кредитті өтеу үшін жауаптылығын көздейтін Агенттік келісім жасасып, Үкіметтің агенті қызметін атқарады.

Үкіметтің кепілдігі қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәні бар, валюта қайтарылмайтын жобаларға кредит берілген жағдайда Банк пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арасында Агенттік келісім жасалып, онда шетелдік кредиторға берешекті уақтылы өтеу жөнінде Үкіметтің толық жауаптылығы белгіленеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1996.02.23.

№ 232 қаулысымен.

### III. Банк операциялары

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы болған жағдайда банк өз функцияларын атқару үшін: <\*>

ломбард операциялары: тез сатылатын құнды қағаздар мен жылжымайтын мүліктердің депозиттелетін қардарлығына қысқа мерзімді кредиттер беру; <\*>  
банктердің, соның ішінде шетелдік банктердің, есеп айырысатын және

аударымдар жасайтын корреспонденттің шоттарын, банктердің тапсыруы бойынша есеп айырысу ісін жүзеге асыруды қоса алғанда, ашу мен жүргізу;

несие операциялары: заңды және жеке тұлғаларға кредиттер беру;

құймалардағы, гранулалардағы, ұнтақтардағы, тұздамалардағы қымбат металдарды /алтын, күміс, платина тобының металдары/, қымбат металдардың монеталарын, сондай-ақ құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, қардарлыққа, есепке, сақтауға қабылдау және сату; <\*>

инвестициялық операциялар: Қазақстан Республикасынан тыс жерлерді қоса алғанда, бағалы қағаздарды сатып алу, сақтау және сату. Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының олармен операциялар жүргізу құқығына лицензиясы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі болған жағдайда Банк Бағалы қағаздармен делдалдық операциялар жүргізуге құқылы; <\*>

өзінің төл бағалы қағаздарын: облигацияларды, вексельдерді, депозиттік сертификаттарды, чектер мен борыштық міндеттемелерді қолданылып жүрген заңдардағы талаптарды сақтау арқылы эмиссиялау;

сенімдік (трастық) операциялар: клиенттердің мүдделері үшін және олардың тапсыруы бойынша сенім білдірілген адам құқығымен мүлікті басқару және басқа да қызмет көрсету;

лизингтік операциялар: мүлікті жалға беру, сөйтіп жалға берілетін мүлікке лизинг шарты қолданылатын бүкіл мерзім бойына жалға берушінің меншік құқығын сақтау;

Банк қызметінің ерекшеліктеріне байланысты консультациялық қызмет көрсету;

кепілдік операциялар: үшінші тараптар үшін ақшалай түрде атқару көзделетін кепілдемелер, кепілдіктер және басқа міндеттемелер беру;

шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру, соның ішінде ішкі және шетелдік банкаралық рыноктарда өз атынан, сондай-ақ клиенттердің тапсырмасымен және есебінен қолма-қол және аударма шетел валютасын сатып алу-сату; <\*>

қолданылып жүрген заңдарда тыйым салынбайтын өзге де банктік және қаржылық операциялар жүргізу сияқты операция түрлерін жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақтың 1,2,5,6,12-абзацтарға өзгерістер

енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.02.22. N 232 қаулысымен.

11. Банктің клиенттермен және басқа контрагенттермен қарым-қатынастары шарттық негізде құрылады.

12. Банк:

кредит берілетін кәсіпорындар мен ұйымдардан есептер мен баланстар және

олардың төлем қабілетін, сондай-ақ берілген кредиттердің қамтамасыз етілуін растайтын құжаттар алуға;

Банктің қатысуымен жүзеге асыру көзделетін объектілердің құрылысы, оларды кеңейту, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жобалық шешімдерге сараптау жүргізілуін талап етуге;

кредит шартында көзделген міндеттемелер бұзылған жағдайда, есеп берудің дұрыс жасалмағаны немесе бухгалтерлік есеп-қисаптың бетімен жіберілгені ашылған жағдайда бұдан былай кредит беруді тоқтатуға, бұрын берілген кредит сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алуға;

заңда белгіленген жағдайларда кәсіпорындар мен ұйымдарды төлем қабілеті жоқ деп жариялауға, сондай-ақ оларды қайта құру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

#### IV. Банк қаражаты

13. Банк қаражаты меншіктік және заем қаражаты болуы мүмкін. Банктің меншіктік қаражатына жарғылық және басқа қорлар, кредит ресурстары, ғимарат және мемлекет иелену, пайдалану және билік жүргізу құқығымен Банктің меншігіне берген өзге де мүлік жатады.

14. Банктің Жарғылық қоры 5 (бес) миллиард теңге сомасында белгіленген және оны толығымен Үкімет түзеді. <\*>

Халықаралық қаржы институттары, қазақстандық және шетелдік банктер атынан акционерлер тарту арқылы Банк акционерлік қоғам болып қайта құрыла алады. <\*>

Жарғылық қордың мөлшерін өзгерту қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармақтың 2-ші абзацынан сөздер алынып тасталды - 1996.02.22. N 232 қаулысымен.

Ескерту. 14-тармақтың 1-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.16. N 458 қаулысымен. P960458\_

15. Банк Үкіметтен немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша шетелдік банктерден және басқа қаржылық ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыру үшін шет ел валютасымен заем ала алады, ол Үкімет кепілдігімен беріледі.

Банктер мен басқа қаржылық ұйымдардың Үкімет кепілдігімен қамтамасыз етілмеген кредиттерін Банк дербес тартады.

Ішкі және сыртқы қаржы ресурстарын жұмылдыру үшін Банк облигациялар шығаруға құқылы. Сыртқы заем облигацияларына Үкімет кепілдік беруі мүмкін. <\*>

Ескерту. 15-тармақтың 3-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің

1996.02.22. N 232 қаулысымен.

16. Банктің әрбір жылға арналған бюджетін Басқарма Қаржы министрлігімен келісім бойынша бекітеді.

Үкімет заемының, шетелдік банктерден және басқа қаржылық ұйымдардан шет ел валютасымен алынатын заемның, Үкімет кепілдік берген сыртқы заем облигацияларын шығарудың, олар бойынша республикалық бюджеттегі резервтердің мөлшерін келісу үшін Банк Қаржы министрлігіне ұсыныстар енгізеді.

#### V. Таза табысты бөлу

17. Банктің таза табысы өзіндік құнға жатқызылған шығындарды, сондай-ақ заңда белгіленген төлемдерді шығарып тастау арқылы оның қызметінің барлық түрлерінен түсетін кірістерден құралады.

Банктің таза табысы жылдық есеп бекітілгеннен кейін Басқарманың шешімімен бөлінеді.

18. Банктің таза табыстан резервтік қор, өндірістік және әлеуметтік даму қорларын және Үкімет бекіткен нормативтер бойынша басқа қорлар құруға құқығы бар. Банктің Басқармасы қорлардың міндетін, оларды пайдаланудың принциптері мен мақсаттарын айқындайды.

<\*>

Ескерту. 18-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 232 қаулысымен.

#### VI. Басқару органдары

19. Банктің басқару құрылымы тіке бағыныстылық жүйесімен түзіледі.

Банктің басқару органдары - Басқарма мен Директорат.

20. Банкті басқарудың жоғары органы - Төраға басшылық ететін Басқарма.

21. Басқарма тоғыз адамнан тұрады.

Басқарманың құрамына Төраға, оның бес орынбасары және Үкіметтің үш өкілі кіреді.

Басқарманың дербес құрамын Үкімет бекітеді.



Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынуы бойынша және олардың кандидатураларын ұсынған тиісті органдармен келісім бойынша үкімет шешімімен өз міндеттерін орындаудан босатылады.

#### 22. Банк Басқармасы:

Қазақстан Үкіметінің құрылымдық саясатына сәйкес инвестициялық жобаларды қаржыландыру мен кредиттеу саласында Банк қызметінің стратегиясын талдап жасайды;

Банктің қызметіне қатысты нормативтік актілерді бекітеді;

Банктің жыл сайынғы есебі мен бюджетін қарап, бекітеді;

бас бухгалтерді, департаменттердің директорларын, филиалдардың, өкілдіктердің және еншілес банктердің басшылығын бекітеді және оларды қызметтен босатады, сондай-ақ Банктің, оның филиалдары мен еншілес банктердің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

ауқымды кредиттер беру, сондай-ақ Банктің атынан кепілдік беру жөнінде шешімдер қабылдайды.

23. Егер мәжіліске Басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Басқарма өзінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма Төрағасы қайталап талқылау және дауыс беру үшін Басқарманың шешімін бір апталық мерзімнен кешіктірмей өз қарсылықтарымен бірге қайтаруға құқылы. Егер Басқарма өз мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қабылдаған шешімді айғақтаса, Басқарма Төрағасы шешімге қол қояды.

24. Басқарманың мәжілістері қажетіне қарай, бірақ әрі кеткенде тоқсан сайын рет өткізіледі.

Басқарма мүшелерінің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша Басқарма Төрағасы Басқарма мүшелерін кезектен тыс мәжіліске шақыруға құқылы. Басқарма мәжілістері жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілген хабар бойынша өткізіледі.

25. Басқарманың Төрағасы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

Басқарманың Төрағасы өз өкілеттігі ауқымында Банк қызметі үшін толық жауап береді.

Басқарма Төрағасы Директораттың мәжілістерін жүргізеді.

Басқарма Төрағасының Банк қызметінің мәселелері бойынша жедел және атқарушы-өкімді шешімдер қабылдау, Банктің атынан шарттар жасасу, барлық заңдық үрдістерде Банктің атынан өкілдік ету өкілеттігі берілген. Басқарма

Төрағасы аталған өкілеттікті атқаруды Банк қызметкерлері ішінен сенген адамдарына дербес жүктеуге құқылы.

Басқарма Төрағасының орынбасарлары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

26. Банктің жедел басқару органы - Директорат болып табылады.

Директорат осы Жарғыға сәйкес Банк қарауына жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, бұларға Басқарма мен Басқарма Төрағасының құзырына кіретін мәселелер қосылмайды.

Директорат мәжілістері қажетіне қарай, бірақ әрі кеткенде айына бір рет өткізіледі.

Директораттың дербес құрамын басқарма Төрағасының ұсынуы бойынша Басқарма бекітеді. Басқарма Төрағасының орынбасарлары лауазымы бойынша Директораттың құрамына кіреді.

27. Қойылған міндеттерді атқару мақсатында Банк белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы аумағында да, одан тысқары жерлерде де өз филиалдарын, өкілдіктерін және еншілес банктерді құрады. Банктің филиалдары, өкілдіктерін және еншілес банктерді құрады. Банктің филиалдары, өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және олардың дербес балансы болмайды. Шаруашылық қызметтің олар жасайтын жекелеген баланстары Банктің күн сайынғы жиынтық балансына қосылады.

Филиалдар, өкілдіктер және еншілес банктер өз қызметін оларға Банк берген құқықтар ауқымында және осы мекемелер туралы Басқарма бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Банктің шет елдерде ашылған филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес банктердің қызметі олар орналасқан елдердің заңдарымен реттеледі.

<\*>

Ескерту. 27-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1996.

02.22. N 232 қаулысымен.

## VII. Есепке алу және есеп беру

28. Банктің операциялық (қаржылық) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

29. Жылдық баланс, кіріс-шығыс туралы есеп оларды Басқарма бекіткеннен кейін Ұлттық банкке және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырылады.

30. Банк балансының дұрыстығы мен оның барлық

операцияларының заңдылығын растау мақсатында жыл сайын Банкке тәуелсіз аудит өткізіліп отырады.

Аудит өткізу үшін республикалық және шетелдік аудиторлық фирмаларды таңдау Басқарманың шешімімен жүзеге асырылады.

Тәуелсіз аудит айғақтағаннан кейін Банктің жылдық балансы баспасөзде жарияланады.

31. Банктің қызметін қадағалау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### VIII. Тарату және қайта құру

32. Банкті тарату және қайта құру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 31 тамыздағы  
N 1208 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
Экспорт-импорт банкі Басқармасының құрамы

Ізтілеуов Б.І. - Басқарма төрағасы

<\*>

Жақсылықов Т.Е. - Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік Экспорт-импорт  
банкі басқармасы төрағасының  
орынбасары

<\*>

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі

<\*>

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының  
Экономика министрі

<\*>

<\*>

Тортаев А.К. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
Экспорт-импорт банкі басқармасы  
төрағасының орынбасары

<\*>

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрлігі Мемлекеттік мүлік пен  
активтерді басқару департаментінің  
директоры

<\*>

<\*>

Әбітаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Энергетика,  
индустрия және сауда вице-министрі

<\*>

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1996.02.12.  
N 191 қаулысымен.

P960191\_

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.11.01.  
N 1335 қаулысымен.

P961335\_

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1997.03.27.  
N 429 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1998.07.01.

№ 620 қаулысымен.

P980620\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК